

# Қазақстан Республикасында аң аулау ережелерін сақтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар



"Табиғат" Республикалық Қауымдастығы, 2022 ж



«Табиғат» аңшылар қоғамдық бірлестіктері мен аң аулау субъектілерінің республикалық қауымдастығы» заңды тұлғалардың Қауымдастық нысанындағы бірлестігі

Алматы қ., Қалдаяков к-сі / Айтеке би к-сі, 34/29, Рыскулов д-лы, 155  
Тел.: 7 701 345 4088, +7 (727) 347 09 43, +7 (727) 381 75 06  
[www.tabigat-union.kz](http://www.tabigat-union.kz)

# Аң аулау ережесінен үзінді

(Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м. а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген)

Аңшылық келесі түрлерге бөлінеді:

1) кәсіпшілік аң аулау;

2) әуесқойлық (спорттық) аңшылық, оның ішінде ұлттық аңшылық

Жеке тұлғалардың аң аулауға төменде көрсетілген жағдайларда құқығы бар:

1) егерде аң аулау атыс қаруын қолданып жүргізілсе, он сегіз жасқа толған жағдайда;

2) егерде аң аулау осы қағидаларда рұқсат етілген басқа да аулау құралдарының түрлерін, аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстарды қолдана отырып жүргізілсе, он төрт жасқа толған жағдайда;

3) аңшы куәлігінің болуы;

4) аңшылық шаруашылығы субъектісінің рұқсатын немесе жолдамасын алған жағдайда.

Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктер үшін аң аулау құқығы аңшылық шаруашылығы субъектісімен аң аулауды ұйымдастыру үшін жасалған келісім негізінде аң аулауды ұйымдастыру, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алу шарты, жолдама, сондай-ақ атыс аңшылық қаруы мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге ішкі істер органдарының қорытындысы бойынша іске асады.

Кәсіпшілік аң аулау аңшының төмендегідей құжаттары болған жағдайда жүзеге асады:

1) аңшы куәлігі;

2) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат немесе аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамалары;

3) аңшылық атыс қаруын қолдана отырып аң аулау кезінде - азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтауға және алып жүру үшін жеке тұлғаларға берілетін рұқсаттама;

4) аушы жыртқыш құстармен аң аулау кезінде - аушы жыртқыш құстың төлқұжаты;

5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен жануарлар дүниесін пайдалануға арналған келісім;

6) жануарларды аулауды есепке алу журналы (кәсіпшілік журналы).

Ұжымдық (топтық) кәсіпшілік аң аулау кезінде аңшылық шаруашылығы субъектісі жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатты пайдалану үшін жауапты бір адам тағайындалады.

# Әуесқойлық (спорттық) аң аулау аңшының төмендегідей құжаттары болған жағдайда жүзеге асады:

1) аңшы куәлігі;



Аңшы куәлігін аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің Республикалық Қауымдастығы аңшылық минимумы бойынша оқудан және тесттік емтихан тапсырғаннан кейін 10 жыл қолдану мерзіміне береді.

2) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттама;



Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатты "Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" аңшылық ісін пайдаланушының өтінімі негізінде береді.

3) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасы;



Жолдаманы аңшылық шаруашылығы субъектісі жануарлар дүниесін пайдалануға жасалған рұқсаттаманың негізінде береді. Жолдама аң аулау мерзімін, ойын түрі мен санын, аңшылық шаруашылығының атауын, қорықшының бақылауы мен алып жүруін анықтайды.

4) аңшылық атыс қаруы қолданыла отырып аң аулау кезінде - азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтауға және алып жүру үшін жеке тұлғаларға берілетін рұқсаттама;



Сақтауға, сақтауға және алып жүру рұқсатын полиция департаменті өтініш негізінде береді, рұқсаттың қолданылу мерзімі 5 жыл.

5) аушы жыртқыш құстармен аң аулау кезінде - аушы жыртқыш құстың төлқұжаты;



Тұяқтылар мен аюларды ұжымдық (топтық) әуесқойлық (спорттық) аулау кезінде жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатты пайдаланғаны үшін жауапты аңшының деректері оның алдыңғы бетіне енгізіледі, ал қалған қатысушылардың деректері олардың аңшы куәліктерінің нөмірлерін көрсете отырып, аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасында белгіленеді. Аңшылық шаруашылығында ұя салатын ата үйректерді, көктемгі аң аулау кезінде айқын жыныстық диморфизмі бар үйректердің полигамды түрлерін аулауды аңшы қолында еліктіргіш үйрек немесе тұлып болған кезде жүзеге асырады.

Тұяқты жануарларды, қоңыр аюды аулау тиісті аңшылық шаруашылығы субъектісінің қорықшысының қатысуымен, ал резервтік қордың алқаптарында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектордың қатысуымен жүргізіледі.

Тұяқты жануарларды, қоңыр аюды, ал көктемгі аң аулауда үйректердің, саңырау құр, құр және жылқышы аталарын аулау туралы белгіні осы Қағидалардың 10 – тармағында көрсетілген адамдар тікелей жануарлардың басқа түрлерін атқаннан кейін - аң аулау аяқталғаннан кейін ертеңінде немесе сол күні аң аулаудың келесі орнына көшкен кезде қорықшы не ол болмаған жағдайда аңшының өзі жазады, ал кәсіпшілік аң аулау кезінде-кәсіпшілік журналда толтырылады.

Қасқырды, шибөріні, қарғаны, сауысқанды, үлкен суқұзғынды, ұзақты, қаңғыбас иттерді аулау (ату) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатты талап етпейді, егерде:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің және оның мамандандырылған ұйымдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ аңшылық шаруашылығы субъектісінің қорықшылық қызметі қызметтік қаруды пайдалана отырып және авиа -, автомото -, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолдана отырып, жануарлар дүниесін қорғауды жүзеге асырған кезде;

2) аң аулауға берілген, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат қолданылатын аңшылық шаруашылығы субъектісінің аумағында жануарлардың басқа түрлеріне (авиа -, автомото -, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолданбай) аң аулау жүргізілген жағдайларда.

## Аңшылық төмендегілерді қолдану арқылы жүргізіледі:

- 1) ойық ұңғылы атыс қаруы (құстардан басқа);
- 2) тегіс ұңғылы, оның ішінде ойық бөлігінің ұзындығы 140 мм-ден аспайтын атыс қаруы;
- 3) аралас (ойық және тегіс ұңғылы), оның ішінде алмалы-салмалы және жиналмалы ойық ұңғылы атыс қаруы;
- 4) өздігінен басқарылатын құралдар (тұзақтар, сүрлемдер, кулемкалар, плашкалар);
- 5) аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстар.



Жолдаманың әрекет ету аумағынан тыс жерде аңшылық иттерді іздеу және кері қайтарып алу кезінде аңшы атыс қаруының оғын шығарып және қаруды қаптаған күйде алып жүру керек.

Жолдаманың қолданылу аймағынан тыс жерде жараланған тұяқты жануарларды, аю мен қасқырларды ізіне түсу және алу аңшылық алқаптарында жараланған жануар тұрған аңшылық шаруашылығы субъектісінің уәкілетті адамының келісімімен жүзеге асырылады.

Аң аулау аяқталғаннан кейін, аң аулау арасындағы үзілістерде, бір орыннан екінші орынға ауысқан кезде аңшы аңшылық атыс қаруының оғын алынған күйге келтіреді.

Патронникте және қару дүкенінде патрон болмаған кезде мылтық оқсыз деп есептеледі.

Таңбаланған (сақиналанған, микрочиптелген) құстарды немесе сүтқоректілерді аулау кезінде ауланған күні мен орны көрсетілген ақпарат, сақинасы, микрочип және басқа да белгілер аңшылық шаруашылығы субъектісінің уәкілетті тұлғасына немесе ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға одан әрі жіберу үшін ведомствоның аумақтық бөлімшесіне беріледі.

## "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңның 38-бабының 5-тармағына сәйкес аң аулауға тыйым салынады, егер:

- 1) аңшы куәліксіз болса;
- 2) атыс қаруын қолдануға атыс қаруын сақтау және пайдалану құқығына ішкі істер органдарының рұқсаты болмаса;
- 3) бірге алып жүрген аушы жыртқыш құстары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген болса;
- 4) қолданылуы аң аулау қағидаларында көрсетілмеген аулау құралдары болса;
- 5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен келісімсіз кәсіпшілік мақсатта;
- 6) егер уәкілетті орган белгілемеген жағдайда, аңшылық алқаптардың резервтік қорында;
- 7) елді мекен жерлерінде, сондай-ақ оларға іргелес аумақтарда аң аулау қағидаларына сәйкес аңшылық атыс қаруын қолдану қауіпсіздігін қамтамасыз етпейтін қашықтықта орналасқан болса;
- 8) уәкілетті органның рұқсатынсыз өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлерінде;
- 9) қиын және дәрменсіз жағдайдағы жануарларға (дауылдан, су тасқынынан, өрттен, судан өту кезінде, көктайғақ кезінде, азықтандырудан сарқылған, суда жүзетін құстардың жусандарда ұялау кезінде);
- 10) қозғалтқышы іске қосылған авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, қарда жүретін техниканы, шағын көлемді кемелерді, түнде көру аспаптарын, лазерлік нысана көрсеткіштерді, жарық беру және дыбыс шығару аспаптарын қолдана отырып, әуесқойлық (спорттық) мақсатта;



- 11) алкогольден немесе есірткіден мас болу немесе өзге де түрдегі улану жағдайында;
- 12) ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жерлерде - егін жинау аяқталғанға дейін;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғат пайдаланудың жекелеген түрлеріне жол берілетін аумақты қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;

14) өзен құндызына, кәмшатқа, күзенге, су тышқанға (ондатр) атыс қаруын қолданса;

15) аңшылық иттерді құтқару үшін індерді қазуды қоспағанда, жануарлардың тұрағын бұзу немесе зақымдау болса;

16) өзен құндызы салған бөгетті бұзған кезде;

17) пневматикалық, лақтырылатын қаруды қолданған болса (жануарлар дүниесі объектілерін қозғалтпау мақсатында және еуге байланысты ғылыми-зерттеу және профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін садақтар мен арбалеттерді пайдаланудан басқа);

18) ауырлық орталығы ығыстырылған броньды тескіш, тұтандырғыш немесе жарғыш әсері бар оқтары бар патрондарды қолдану;

19) тегіс ұңғылы аңшылық мылтықтарда қолдан жасалған ойық салмалы оқпандарды (қосымша) қолдану;

20) бос жерлерді, су үсті өсімдіктерін өртеу, басқа да өсімдіктерді тамырымен қопару және жою орын алған болса;

21) өздігінен атылатын қаруларды, қысқыштарды, байлауларды, кергіштерді, кесінділерді қолдана отырып; тұзақтар, тосқауыл шұңқырларды орната отырып; адам байқамайтын тану белгілерінсіз ірі қақпандарды, шатырларды, аспаларды, ілгектерді, шырғандарды, құс желімін орнату арқылы; түтінмен қуу, тегіс мұзға, қатқыл мұзға, терең қарға және тұтқыр сортаңдарға, шабылған қамысқа айдаумен; қоңыр аюды, тұяқты жануарлар мен құстарды аулау кезінде тұзақтарды қолдану; қоршауға алу, тағамен аулау;

22) торларды қолдана отырып; індерге су құйып (уәкілетті орган ведомствосының келісімі бойынша жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау, будандастыру немесе еріксіз ұстау үшін оларды аулауды қоспағанда);

23) дала кеміргіштерін жою кезінде, сондай-ақ жануарлардың құтыру эпизоотиясы және басқа да аурулары жағдайларында улы химикаттарды және басқа да химиялық препараттарды қолдануды қоспағанда, жарылғыш құрылғыларды, улы химикаттарды және басқа да химиялық препараттарды қолдана отырып;

24) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттамада немесе жолдамада көрсетілген жануарлар санынан тыс;

25) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттамада немесе жолдамада көрсетілмеген жануарлардың басқа да түрлеріне;

26) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасы болмаған жағдайда;

27) аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлеріне басқа елдерден әкелінген аушы жыртқыш құстарды пайдаланса;

28) ата үйрекке көктемгі аң аулау кезінде еліктіруші үйрексіз немесе тұлыпсыз;

29) қорықшының немесе жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектордың алып жүруінсіз тұяқты жануарларға және қоңыр аюға аңға шықса;

30) әуесқойлық (спорттық) мақсатта суырларға калибрі бес бүтін оннан алты миллиметр бүйірден (сақиналы) тұтанатын патрон астына ойық қару қолданылса;

31) тыныштық аймақтарында және өсімін молайту учаскелерінде.





# Қосымша жаңа редакцияда-ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м .а. 2021.04.02 № 87 бұйрығымен

Жануарлардың таралымдарын сақтау, олардың өсімін молайтуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету және шаруашылық пайда алу мақсатында Қазақстан Республикасында осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес аң аулауды жүргізу мерзімдері (бұдан әрі – аң аулауды жүргізу мерзімдері) белгіленеді.

Ведомствоның аумақтық бөлімшелері аң аулауды ашу және оны осы қағидаларға қосымшада көрсетілген аң аулауды жүргізудің белгіленген мерзімдерінен күнтізбелік 15 күнге дейін неғұрлым ерте немесе неғұрлым кеш мерзімге ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

## Аң аулауды жүргізу мерзімдері:

| <b>Жануарлардың түрлері</b>  | <b>Аң аулау мерзімі</b>  |
|--|--|
| Су тышқан (ондатра)  | 1 қазаннан - 15 ақпанға дейін  |
| Тиін   | 20 қазаннан - 15 ақпанға дейін   |
| Қарсақ, түлкі, бұлғын, құну, сарғыш күзен, ақ қалақ, ақкіс, күзен, дала күзені, америкалық күзен, кәмшат (ортаазиялықтан басқа), сілеусін(Түркістандықтан басқасы), жанат-жолақша, қоян (құм қоян, ор қоян, ақ қоян) | 1 қарашадан 15 ақпанға дейін<br>(15 қазаннан бастап солтүстік аймақта қарсақ, түлкі және қоянға аңшылық тұқымды иттермен және аушы жыртқыш құстармен аң аулау)   |
| Қоян (толай)   | 1 қарашадан - 31 қаңтарға дейін  |
| Зорман (құмды) сары тышқан   | ұйқыдан шыққаннан бастап 30-сәуірге дейін  |
| суырлар*   | 5-маусымнан бастап оңтүстік аймақ бойынша жатуға дейін***,<br>15-маусымнан бастап Солтүстік аймақ бойынша жатуға дейін**   |
| Шалшықшылар, жылқышы   | 1-шілдеден 30 -қарашаға дейін (1-наурыздан 30-сәуірге дейінгі кезеңде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге аң аулауға рұқсат етіледі)   |
| Бөдене, кептер, түркептер  | 20-тамыздан 30-қарашаға дейін (аңшы иттермен және аушы құстармен бөденеге аң аулау 15-шілдеден бастап ұшып кетуге дейін)   |
| Маймаққаз, қаз, қарашақаз, үйрек, қасқалдақ  | Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары-тамыздың соңғы сенбісінен 30-қарашаға дейін.<br>Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда облыстары-қыркүйектің бірінші сенбісінен бастап 15-желтоқсанға дейін.<br>Атырау облысы-15-қыркүйектен 15-желтоқсанға дейін.<br>Маңғыстау, Түркістан облыстары-қыркүйектің екінші сенбісінен 31-желтоқсанға дейін. (ата үйрекке көктемгі аң аулауға 1-наурыздан 15-мамырға дейінгі кезеңде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі) |

| <b>Жануарлардың түрлері</b>                                 | <b>Аң аулау мерзімі</b>   |
|---|---|
| Шілдер (аққұр, тундралық, дала шілі, сұр шіл, сақалды шіл)  | Қыркүйектің бірінші сенбісінен 30-қарашаға дейін  |
| Құр   | 15-қыркүйектен 30-қарашаға дейін (аталықтарына көктемгі аң аулауға 1-сәуір мен 15-мамыр аралығында күнтізбелік 15 күннен артық емес рұқсат етіледі)   |
| Қоңыр аю (Тянь-шань аюынан басқа)                           | қыркүйектің бірінші сенбісінен 30-қарашаға дейін аталық және қысыр ұрғашыларға көктемгі аң аулауға осы кезеңде күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі<br>15 сәуірден 15 мамырға дейін<br>(денсаулыққа және тұрғындар өміріне, материалдық зардап шектіру жағдайларында уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдарының аң аулау мерзімдеріне қарамастан, қоңыр аюды атуына жол беріледі) |
| Борсық  | 1-қыркүйектен 15-желтоқсанға дейін оңтүстік аймақ бойынша***,<br>1-қыркүйектен 15-қарашаға дейін Солтүстік аймақ бойынша * * * * *  |
| Жанат тәріздес ит   | 1 қыркүйектен бастап жатқанға дейін   |
| Қабан, құдыр  | қыркүйектің бірінші сенбісінен 31-желтоқсанға дейін   |
| Сібір елігі, сібір тау ешкісі, марал, аскания бұғысы, бұлан | аталыққа 15-шілдеден бастап, аналыққа және төлге 15-қыркүйектен 31-желтоқсанға дейін  |
| Саңырау құр   | 1-қазаннан 30-қарашаға дейін аталықтарды көктемгі аулауға 10-сәуір мен 15-мамыр аралығында күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі   |
| Гималай ұлары, кекілік                                      | 1-қазаннан 15-желтоқсанға дейін   |
| Құндыз  | 15-қыркүйектен 30-қарашаға дейін  |
| Қырғауыл  | 1-қарашадан 31-желтоқсанға дейін (1-қазаннан бастап аңшылық иттермен және аушы құстармен аң аулау)  |

Ескертпе:

\* Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерден басқа;

\*\* Солтүстік аймақ: Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, Осакаров, Бұқар Жырау, Нұра, Қарқаралы, Қарағанды облысының Абай аудандары, Күршім, Көкпекті, Катонқарағай, Жарма, Ұлан, Абай, Зырян, Глубокое, Шемонаиха, Бородулиха, Бесқарағай аудандары сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысының Семей және Риддер қалаларының әкімшіліктеріне бағынысты жерлер;

\*\*\*оңтүстік аймақ: Алматы, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстары, Қарағанды облысының Жаңаарқа, Шет, Ақтоғай, Ұлытау аудандары, Шығыс Қазақстан облысының Аягөз, Тарбағатай, Зайсан, Үржар аудандары.